

**Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша ата-аналармен өткізілген
жиналыс хаттамасы №1.**

01 ақпан 2025ж.

№7 Хромтау мектеп-гимназиясы

Қатысқандар саны-62 ата-ана. (тізім бойынша)

Күн тәртібінде:

1. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасымен таныстыру
Тургумбаева А.М.—мектеп директоры

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Тургумбаева А.М.-мектеп-гимназия директоры

Мектептегі балалардың жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы бойынша жүргізіледі.

Жиналған ата-аналарға жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсынудың мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, мерзімдері және нәтижесі туралы толық ақпараттар берілді.

Мектептің дәліздегі стендте осы қызметтер туралы құжаттар толық тұрғаны ескертілді. Сонымен бірге мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында жұмыс жасайтын сенім телефондары таныстырылды.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүргізілетіндігі айтылды.

Стандарттың 9 тармағы бойынша қабылданатын құжаттарға түсінік берілді.

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар үшін-мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар отбасылардан шыққан көрсетілетін қызметті алушылар санаты үшін көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тұтынушылар қатарына жататынын растайтын анықтама;

жан басына шаққанда орташа табысы күн көріс деңгейінен төмен, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балалар үшін - алған табысы туралы құжаттар (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жалақылары туралы, кәсіпкерліктен және басқа да қызмет түрлерлерінен түсетін табыстары туралы, балаларға және басқа да асырандыларға төленетін алимент түріндегі табыстары туралы анықтама);

отбасында тәрбиеленетін жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін-қамқоршылықты (қорғаншылықты) бекіту туралы уәкілетті органның шешімі, жетім баланың (балалардың) немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың (балалардың) патронаттық тәрбиеге, қабылдаушы отбасына берілгені туралы шарт;

төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар үшін-төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемнің қажеттілігін дәлелдейтін құжат;

білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жататын балалар үшін-отбасының материалдық-тұрмыстық ахуалын зерделеу, сондай-ақ қаржылай және материалдық көмек көрсету туралы шешім қабылдау үшін басқа да қажетті құжаттардың негізінде білім

алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына тегін және жеңілдікпен тамактандыруды ұсыну туралы білім беру ұйымының алқалық органның шешімі.

Құжаттар салыстыру үшін түпнұсқада ұсынылады, содан кейін түпнұсқалар көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді. Мемлекеттік қызметтер алу барысында ата-аналарды барлық заңдылықтарды сақтап отыру қажеттілігі туралы ұсыныс айтылды.

«№7 Хромтау мектеп-гимназиясында» КММ-де көрсетіліп отырған басқа да мемлекеттік қызметтер туралы айтылды.

Мемлекеттік қызметтер бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап берілді.

Жиналыс төрағасы:
Хатшы:

А.М. Тургумбаева
А.Х. Қалиева